

"Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандығы № 145 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 111 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20717 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 257 бүйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 19.07.2021 № 257 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандығы № 145 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10869 болып тіркелген, "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 мамырда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау қағидалары осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық саясат және тұрақты даму департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи ресурстар министрі

M. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрлінің
2020 жылғы 19 мамырдағы
№ 111 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлінің
2015 жылғы 26 ақпандығы
№ 145 бұйрығымен
бекітілген

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 30) тармақшасына сәйкес әзірленген және қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібін белгілейді.

2. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері жекелеген аумақтар үшін белгіленеді және қоршаған орта сапасын бірте-бірте жақсарту қажеттігі ескеріле отырып, қоршаған ортаның нормаланатын параметрлерінің белгілі бір уақыт кезеңіне арналған шекті деңгейін реттейді.

3. Мыналар қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу үшін негіз болып табылады:

- 1) өнірдегі экологиялық ахуалды талдау;
- 2) өндірістік күштерді едәуір өзгерту перспективалары;

3) қоршаған ортаның сапасына қойылатын қосымша талаптары бар рекреациялық аймақтарды, ауыл шаруашылығы объектілерін қалыптастыру жөніндегі жоспарлар;

4) қоршаған орта объектілеріндегі аялық шоғырланулардың қоршаған орта сапасының қабылданған нормативтерінен асып тусуі туралы ақпарат.

4. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары өз құзыretі шегінде әзірлейді.

2-тaraу. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібі

5. Қоршаған орта сапасының әртүрлі нысаналы көрсеткіштері:

- 1) қоныстану аумағы;
- 2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;
- 3) рекреациялық аймақтар;
- 4) шөл және шөлейт аудандар;
- 5) су объектілері үшін белгіленуі мүмкін.

6. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) экологиялық ахуалды талдау;

2) қоршаған орта сапасының нормативтеріне қол жеткізу жөніндегі экономикалық мүмкіндіктерді зерделеу;

3) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін белгілеу өлшемдерін анықтау:

қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін белгілеуге арналған негіздерді айқындау;

адам денсаулығы мен құнды экологиялық жүйелер үшін қауіп-қатерді бағалау ;

қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін белгілеу қажеттілігін айқындау;

4) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің тізбесі мен мәндерін қалыптастыру.

7. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу кезінде адам денсаулығы мен құнды экологиялық жүйелер үшін қауіп-қатерді бағалау бекітілген санитарлық-гигиеналық нормативтерге, токсикологиялық дерекқорларға, эпидемиологиялық зерттеулердің материалдарына сәйкес жүргізіледі.

8. Әзірленген қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері мынадай мәліметтерді қамтитын талдау ақпараты (есеп) түрінде ресімделеді:

- 1) өнірдің жалпы әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы;
 - 2) өндірістік күштердің дамуын талдау;
 - 3) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі;
 - 4) өнірде бұрын белгіленген қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін және оларға қол жеткізу нәтижелерін талдау;
 - 5) экологиялық ахуалды, экологиялық қауіп-қатерлерді талдау;
 - 6) зертханалық зерттеулердің деректері;
 - 7) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін қабылдаудың болжамды ахуалдары мен салдары туралы деректер;
 - 8) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерінің кестесі;
 - 9) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі шаралар кешені;
 - 10) техникалық емес түйіндеме.
9. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу:
- 1) тұтастай және кезең-кезеңімен қолжетімді;
 - 2) сандық және сапалық параметрлермен сипатталуға;
 - 3) бақыланатын және тексерілетін болуға тиіс.